

Жарнама стратегиясының орындалуын, әсер етуін күшейетін түрткіжайт – жарнама мәтінінің сауатты жазылуы. Жарнама – қазақ тілінің бір тілдік жанры, сондай-ақ мемлекеттік тілдің ең бір кең қолданыстағы бұқаралық ақпарат құралы болғандықтан, онда бекітілген ережелердің қатаң сақталуы міндетті. Қазіргі қазақ тіліндегі Корпусқа жинақталған жарнамаларды сараптау барысында орфография мен пунктуацияға байланысты бас әріп, күрделі сөз, қысқарған сөз, шартты белгілер, дефистің жазылу нормаларын және тыныс белгілерінің қойылуын біріздендіру маңыздылығы, қажеттігі анықталды. Жарнама түзушілерге көмек беру мақсатында төменде орфография мен пунктуацияға қатысты ережелер мен үлгілер ұсынылады.